



6D02304 – «Лингвистика» мамандығы бойынша докторантураға тұсу емтиханының бағдарламасы

Бағдарлама кәсіби пәндердің міндепті компоненті болып табылатын «Қазақ лингвистикасының ғылыми парадигмалары» пәнінің типтік бағдарламасы және «Тіл білімінің жаңа бағыттары», «Грамматика теориясының негіздері» тәрізді әлективті пәндердің бағдарламалары негізінде жасалды.

Сұрақтар бағдарламаның негізгі мазмұнына сай оқуға түсушілердің арнайы ғылыми дайындығын айқындауға көмектеседі. Тұсу емтиханы лингвистика бойынша білімі, тіл білімінің қазіргі замандағы ғылыми парадигмасын түсіну, оның негізгі бағыттары мен мектептерін, ғылымның түсініктік-терминологиялық аппаратын, сондай-ақ, методологиясы мен жалпы және жекелеген әдістерін тексеру үшін құрастырылды.

Бағдарлама мазмұны

Парадигма (гр. *улгi* деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; теориялық көз-қарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпиризмдік нәтижелердің бірігу жүйесі; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндептерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны.

Парадигма тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылады: 1) кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы, 2) осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі (үлгісі) мен схемасы (сызбасы). Тіл бірліктері тобының жүйесіне қарай парадигма морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық болып жіктеледі.

Антрапоцентристік бағыттың өріс алуымен әрі танымдық ұстанымдардың маңыздылығымен «парадигма» ұғымының мағынасы айқындала түседі. «Парадигма» ұғымы европа ғылымында әртүрлі мағынада қолданылған. Ол алғашында латын тіліне грек тілінде жарық көрген теологиялық жазбалар мен риторикалық еңбектер арқылы енген. «Парадигма» ұғымы бастапқы кезде «жағымды, жағымсыз мысалдардың айтылуы»; «өмірден алған үлгілер» (итальян тілінде); «жүйе және заңдылық» (испан тілінде) деген сөздермен ұштасып беріліп келсе, кейін француз сөздіктерінде Ф ҚазҰПУ 711-20-11 Қабылдау емтихан бағдарламасы. Бірінші басылым.

«мысал», ағылшын тілінде жазылған лексикографиялық зерттеулерде «улғі немесе модель», «жалпы түсінік яки концепт», «лексеманың сөз түрлену мүмкіндіктерін айқындар септелеу формалары» деген мағыналарда қарастырылған.

Тілдегі парадигмалық қатынастар. Тілдегі парадигмалық қатынастардан парадигматика пайда болған. Парадигматика тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің вертикаль (тік) қалпындағы қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы (тарауы). «Парадигма» ұғымы тіл білімі салаларының ішінде, әсіресе морфология саласында кеңінен қолданылады. Морфология саласында «парадигма» ұғымының кең қолданылатын жері морфологиялық категориялар. Белгілі бір тілде, мәселен қазақ тілінде қанша морфологиялық категория бар болса, сонша парадигмалық қатар бар деуге болады. Өйткені парадигма ұғымы жүйелік қатар дегенді білдіреді. Ал морфологияда категория болу үшін грамматикалық мағынаны білдіретін бірыңғай кемінде екі грамматикалық форманың болуы шарт. Екі қатардан ғана тұратын категорияға қазақ тілінде көптік категориясын жатқызуға болады.

мағыналы, бағалы пікірлерді қалдырыды. Ежелгі адамдарға белгілі болған тілдің нысандары мен оны танудың амал-тәсілдерін зерттеу іci 19-ғасырда қолға алынды. Тіл нысандарын танудың негізгі әдіс-тәсілдері Ф.Бопп, Я.Гrimm, R.Rack еңбектерінде басталды. Лингвистикалық теория мен методологияның арасындағы байланыс олардың бір-бірін толықтыруына жол ашады. Методология-нысанды зерттеудің әдістері туралы ғылым. Лингвистикалық зерттеулердің әдістері мен тәсілдері заттың сипаты мен зерттеудің мақсатына сәйкес әртүрлі. Мысалы: синхронды, диахронды; ауызша және жазбаша сөз; лексика және фразеология; әдеби тіл және диалект; сөйлеу қызметінің психологиялық және әлеуметтік мәселелері т.б.

Парадигматика. Парадигматика парадигмалық қатынастарды, оларды топтастыруды, олардың тарапу саласын қарастыратын тіл білімінің саласы ретінде ұғынылатын болса, онда оның тілдің деңгейлеріне де қатысы бар деп түсінген жөн. Мәселен, лексикалық парадигматика лексемалардың арасындағы түрлі қатынастарды қарастырады. Ондай қатынастар антонимдік немесе синонимдік болуы мүмкін. Кей лексемалар бір-біріне мағыналық жағынан жақын болса, кей лексемалар бір-біріне қарсы мағынада келеді. Міне, осындай тармақтық қатынасты парадигмалық қатынас дейміз. Парадигматика-әрбір деңгейдегі бірліктер арасындағы ассоциативтік байланыстың жиынтығы. Фонологиялық деңгейде бұл дауыстылар мен дауыссыздар арасындағы байланыс. Лексикалық деңгейде бұл синоним, антоним, лексика-семантикалық топтардың және гипоним (түсті білдіретін атаулардың астындағы, төмендегі), гиперонимдер (ұстіңгі, жоғарыдағы) арасындағы байланыс. Грамматикалық деңгейде бұл лексемалардың категориялық байланысын көрсететін граммемалардың арасындағы байланыс.

Методология. Антикалық әлемнің ойшылдары және көне түркі, көне ұнді философтары тілдің адамның ойлауына, танымына қатысты айтылған сандаған терен **Ғылымның қазіргі қоғамдағы рөлі**. Ғылымның рөлі адам Ф ҚазҰПУ 711-20-11 Қабылдау емтихан бағдарламасы. Бірінші басылым.

тәнімен тығыз байланысты. Адам тіршілігіндегі қордаланған проблемаларды шешу үшін қоршаған ортаны танып-білуі-адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі. Ғылым ғана адам өмірін өзгерту, қоғам иесінің әрекеттерін жетілдіруге көмектеседі. Ғылым методологиясы - қоршаған орта мен адам қоғамын ғылыми танып-білудің жолдары мен әдіс-тәсілдері жайлы ілім. Тіл туралы ғылымның методологиясы адам танымындағы тілдің рөлін айқындаиды. Лингвистика жетістіктері тілді дамытуға, тіл қызметін жетілдіруге оны қызытудың әдіс-тәсілдерін менгертуге көмектеседі.

Таным-адам әрекетінің бір түрі. Әрекет-адамның өз өмірінің материалды және рухани талаптарын қанағаттандырудың адамның қоршаған ортамен саналы, шығармашыл, мақсатты түрдегі өзара бірліктең іс-әрекеті. Танымдық әрекет табигат пен қоғамның заңдары мен қоршаған ортадағы зат-құбылыстардың табиғаты жайында нақты білімді жинақтауға бағытталады. Танымдық әрекет арқылы заттың өзіне тән белгі-қасиеттерін тануға болады, қабылдау сезімі арқылы құбылыстың сырын ұғынуға болады. Мысалы, күннің күркірі, шөптің суылы, сөздің әсері, судың құрамы, тастың психикаға әсері, жемістердің адам ағзасына пайдасы, өсімдіктердің емдік қасиеті, адамның болмысы т.б. жайттар адамның танымы арқылы келеді.

Тіл -ғылыми таным негізі. Ғылым ретінде лингвистиканың нысаны-тіл. Көне Грекияда «тіл» деп адамның сезімі мен ойын жазбаша жеткізуін түсінді. Тіл туралы ілімді олар грамматиканы айтты. «Грамматика» деген терминнің өзі грекше «тіл құрылымы туралы ілім» дегенді білдіреді. Тек Ф.де Соссюрдің (1857-1913) еңбегінен кейін ғана тіл, оның құрылымы және қызметі туралы ғылыми түсінік қалыптасты. Ф.де Соссюр тіл мен сөйлеуді ажыратып берді: ол тілдің табиғи сипаты мен функционалды сипатын ашты. Осыдан тіл туралы екі бағыт: ішкі лингвистика және сыртқы лингвистика деген бағыттар қалыптасты. Ішкі лингвистика тілдің табиғи қасиеттерін, ал сыртқы лингвистика тілдің функционалды қасиеттерін зерттейді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдістерінің класификациясы аса күрделі мәселе болғаның өзінде де, дәстүрлі түрде оларды үш топқа: жалпы ғылыми, интерғылыми және жеке ғылыми әдістерге бөлу қабылданған. Жалпы ғылыми әдістер барлық ғылым салаларына тән және оларды біріктіретін зерттеу объектісінде пайдаланылатын логикалық әдістерді, яғни: бақылау мен тәжірибе, анализ бел синтез, жорамал мен гипотеза, индукция мен дедукция, аналогия, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс, т.б. біріктіреді. Интерғылыми әдістерге – экстраполяция, интерполяция, модельдеу, ретроспекция, эксперименттік бағалау, т.б. жатады.

Ғылыми танымның кезеңдері. Ғылыми танымның логикасы мен парадигмалары. Зерттеу құралдарына түрлі процедуralар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді. Бұл түсініктер төмендегі логикалық қатарды құрайды. Әдіс - зерттеу барысында белгілі бір қорытынды алуға бағытталған, бір немесе бірнеше математикалық немесе логикалық операциялардың теорияға немесе практикаға негізделген түрі.

Ішкі лингвистиканың нысандары. Ішкі лингвистика тілді оның табиғи қасиеттеріне тән жүйелі-құрылымды жағын зерттейді. Тілдің жүйесі 3 деңгейден тұрады: фонологиялық, лексикалық, грамматикалық. Бұлар тілдік жүйенің бірліктердің жиынтығы мен байланысу ережелерінен тұратын жабық бөлігі. Тілдік бірліктер- тілдік жүйенің тұрақталған элементтері, олар түрлі мағыналар мен қызметтерге ие.

Сыртқы лингвистиканың нысаны. Сыртқы лингвистика тілдің функционалды қасиетін зерттейді. Бұл қасиеттер «тіл және тілдік емес нысандар байланысы» деген жүйені құрайды, атаптаған жүйе адаммен, оның биологиялық құрылымымен және өмір сұру формасымен тығыз байланысты. Сыртқы лингвистика адам-қоғам-мәдениет деп аталатын үштік жүйенің байланысын зерттейді. Қазіргі тіл біліміндегі адам туралы ғылымның салаларына тілдің байланысу сипатына байланысты сыртқы лингвистиканың бірнеше түрлері бар. Психолингвистика. Сыртқы тілдің бұл саласы «тіл мен адам» арасындағы байланысты зерттейді. Психолингвистика психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы. Ол сөйлеу процесін, оның мазмұны мен коммуникативті рөлін, сөздің ойға қатысы түрфысынан зерттейді. Қазақстанда психолингвистикалық зерттеулер XX ғ. 60-жылдарынан бастап қолға алынды. Әлеуметтік лингвистика. Бұл ғылым саласы «тіл және қоғам» арасындағы қатынас-байланысты зерттейді. Этнолингвистика немесе лингвомәдениеттаным (грекше: ұлт, халық). Сыртқы тілдің бұл саласы «тіл мен мәдениеттің» байланысын зерттейді. Паралингвистика (грек тілінде: жақын, ішінде). Бұл ғылым саласы «тіл және қатынастың тілдік емес белгілерінің» арасындағы байланысты зерттейді. Ареальды лингвистика (латынша: кеңістік, алан). Бұл ғылым саласы «тіл және территория» арасындағы қатынасты зерттейді, яғни коммуникативтік жүйедегі территориялық сөйлеу ерекшеліктерін қарастырады. Биолингвистика немесе нейролингвистика. Бұл «тіл мен адам биологиясы» арасындағы байланысты, яғни тілдік жүйенің тілдік мінез-құлықпен байланысын зерттейді. Когнитивтік лингвистика (латынша: тану, білу). Тілдің бұл саласы «тіл мен ойлау» арасындағы байланысты зерттейді.

Лингвосаясаттану. Қазіргі тіл біліміндегі қоғамның саяси-экономикалық үрдісінің қарқынды дамуымен сабактас, қажеттіліктен туындаған заманауи бағыт – лингвосаясаттану саласының пән ретінде қалыптасу тарихы мен зерттеу нысаны, мақсат-міндеттерін, ғылыми үғымдық қоры мен басқа ғылым салаларынан айырмашылығын, ұқсастығын айқындау. Лингвосаясаттану пәнінің теориялық негіздерін, зерттеу өзектілігін, басты өкілдері мен осы сала бойынша зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына талдау жасау. Қазақ саяси тілінің функционалдық, қолданбалы қызметі мен тәжірибеде қызмет ету деңгейін салыстыра зерттеу.

Орыс және қазақ лингвосаясаттану ғылымының даму үрдісін салыстырмалы түрде анықтау, қазақтың би, шешендерінің билік тілін терең талдай отырып, қазіргі дипломаттар мен шенеуліктердің кәсіби тілін, сөздік қорын, саяси дискурсы мен оның халыққа жеткізу прагматикалық шеберлігін Ф ҚазҰПУ 711-20-11 Қабылдау емтихан бағдарламасы. Бірінші басылым.

талдап қарастыру. Саяси лингвистиканың қалыптасуы және дамуының бастапқы сатылары Саяси коммуникацияны дәстүрлі шешендік өнер және стилистика аясында зерттеу. Лингвосаясаттану ғылымының тарихы (XX ғасырдың 20-50 жылдары және 60-80 жылдары). Саяси коммуникацияны зерттеудің аспектілері: тілдік, мәтіндік, дискурстық феномендерді зерттеу. Саяси коммуникацияны зерттеудің аспектілері: тілдік, мәтіндік, дискурстық феномендерді зерттеу.

Көшбасшылардың идиостилі мен саяси бағыттар мен партиялардың дискурстық қорын зерттеу. Лингвосаясаттандың әдіснамалық бағыттары: саяси тілді зерттеудің когнитивтік бағыты. Саяси тілді зерттеудің риторикалық бағыты. Саяси тілді зерттеудің дискурстық бағыты. Саяси дискурс ерекшеліктері. Саяси дискурстық мәтінге лингвистикалық талдау.

Әлеуметтік тіл білімі. Қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистиканың лингвосаяси сипаты мен маңызы тіл білімінің ғана емес, мемлекеттің де өзекті мәселесіне айналып отырғандығы. Қазақ тіл білімінде әлеуметтік лингвистиканың басты зерттеу бағыттары: мемлекеттік тілді ұлттық дамудың басты құралына айналдырыу, қостілділік, тіл саясаты, гендерлік лингвистика, тіл экологиясы, т.б.

Лингвомәдениеттану. Қазіргі тіл білімінің антропоөзектік бағыттағы зерттеулерінде тілді тек тіл жүйесі ауқымында зерттеп қоймай, сонымен бірге тіл мен мәдениет байланысын, оның ішіндегі тіл иесінің алар орнын анықтаумен үштастыра қарастыру. Лингвоелтану. Лингвоелтану – тіл үйретуді негізгे ала отырып, сол үйреніп отырған ел туралы деректер беру бағыты. Лингвоелтанымның басты мақсаты – түпнұсқа мәтіндерді және серіктесінің сөзін қабылдай отырып, мәдениаралық қатысым актісіндегі коммуникативтік құзіреттілікті қамтамасыз ету.

Тіл біліміндегі «тіл-сөз» мәселесі. Тіл мен сөз функциялары. Тіл жүйесі мен сөйлеу әрекеті. Тіл мен сөзді шексіздендірудегі әртүрлі көзқарастар. Тіл мен сөздің арасындағы функцияларды бөлу.

Когнитивті лингвистика. Когнитология (когнитивистика) және когнитивті лингвистика тарихы. Когнитивистика және когнитивті лингвистиканың (КЛ) пәнаралық мінездемесі. КЛ бірліктері, когнитивті категориялар мен когнитивті процестер. Когнитивтік лингвистиканың когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай – ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өндеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастыратындығы. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпараттарды ашып немесе ақпараттарды кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жататындығы.

Концепт – когнитивтік лингвистика ғылымының басты категориясы. Концепт тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық-танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасында жинақталған аялық білімінің шоғыры, тілдік-танымдық бірлік. Тілдің когнитивтік кеңістігінде «Адам» концептісі әр түрлі Ф ҚазҰПУ 711-20-11 Қабылдау емтихан бағдарламасы. Бірінші басылым.

тілдік бірліктер арқылы берілуі. «Ойсурет» концептісі. Фрейм» концептісі. «Схема» концептісі. Фрейм концептісінің ойсурет концептісіне ұқсастыры және айырмашылықтары. Ойсурет концептісінде статикалық күй басым болса, фреймде динамикалық күй басым екендігі. Бұл концептінің жазықтық, кеңістік, биіктік, өлшем, уақыт семаларының объективтенуі арқылы жасалатындығы.

«Логикалы-ұғымдық» концептісі. Адамның ішкі дүниесін, сезімін, көніл-күйін білдіретін фразеологиялық тенеулер осы концептіге жатқызылатындығы. Ол махабbat, қуаныш, реніш, қайғы, қатыгездік, бақыт т.б. жеке-жеке концептілерді қамтитындығы.

Антрапоцентристік парадигманың өз шеңберінде лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвопсихология сияқты жаңа бағыттарға жол ашатындығы. Антрапоцентристік бағыттағы зерттеудердің төмендегідей когнитивтік құрылымдарға ерекше мән беретіндігі: қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету т.б.

Қазіргі замандағы тіл біліміндегі жүйе мен құрылым түсініктері. Тіл білімінің негізгі мәселелері. Тіл білімі нысанының мәселелері, тіл мен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың, тіл мен ақиқат-шындықтың, мағына мәселелерінің арақатынасы. Тілдің жүйесі мен құрылымы түсінігі. Заманауи лингвистикалық ғылым парадигмасындағы қазақ тіл білімі. Европалық, америкалық, орыс және қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық бағыттар. Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үрдістер. Тілдегі норма және тіл бірліктерінің вариациясы. Қазақ тілінде сөйлеу кезіндегі өзгерістер. Лексиканың дамуындағы, фразеологиядағы, сөзжасам жүйесіндегі, морфологиядағы және синтаксистегі негізгі тенденциялар. Ауызекі, кітаби және жазбаша, ауызша тілдегі өзара байланыстар.

Тілдік қарым-қатынастағы торап ретіндегі құрылым. Қазақ тілтануындағы жүйелік-құрылымдық және функционалдық бағыттар. Қазақ тілін танытудың мінездемесі мен зерттеудің әдістері. Жүйе мен құрылым түсінігі. Жүйенің белгілері. Жүйе, деңгей, код, норма, модель. Жүйелік қалыптың типологиясы. Құрылым: онтологиялық бағыттық, гносеологиялық бағыттық және тілдік қатынастар (деңгейаралық, деңгейішлік).

Тілдің статикасы мен динамикасының қатынасы. Статика және жүйе. Даму динамикасы мен функция динамикасы Статика мен динамика және синхрония мен диахрония. Даму: Тілдегі өзгерісті дайындау және оның эволюциясы. Функциялау: тіл бірліктерін өндіру және қолдану.

Қазіргі заман лингвистикасының негізгі ғылыми ұстанымдары. Жүйелік, экспансионизм, антрапоцентризм, этноцентризм, экспланаторлық, функционализм, когнитивизм, интеграция ұстанымы.

Құрылымдық лингвистиканың бағыттары. Құрылымдық лингвистиканың американдық мектебі. Құрылымдық лингвистиканың даниялық мектебі. Құрылымдық лингвистиканың прагалық мектебі. Генеративті грамматиканың стандартты теориясы, модульді көзқарас, басқару

теориясы. Минимализм – генеративті грамматиканың қазіргі заманда даму кезеңіндегі ерекшелік.

Қазақ тіл біліміндегі номинативті теориялар мен олардың қазіргі тіл білімі парадигмасындағы орны. Номинативті деривация теориясы. Сөйлеу әрекетіндегі номинация теориясы. Қазақ синтаксисін сипаттаудың және оның логика-синтаксистік бірліктері негізінің когнитивті-номинативті моделі.

Грамматика және грамматикалық ұғымдар

Грамматика - тілдің грамматикалық құрылышын зерттейтін ғылым. Грамматика екі салаға бөлінеді: морфология және синтаксис.

Грамматикалық мағынаның ерекшеліктері. Жалпы және жеке грамматикалық мағыналар. Тілде грамматикалық мағыналарды білдіретін тілдік бірліктер. Грамматикалық категория және оның түрлері. Грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысы.

Сөздің морфологиялық құрылымы. Грамматикалық көрсеткіштердің жалғамалық қасиеті. Сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналы бөлшегі. Морфемалар екі түрі: 1) негізгі морфемалар; 2) көмекші морфемалар.

Грамматикалық мағыналы қосымшалардың екі түрі: 1) жалғаулар, 2) грамматикалық жүрнақтар.

Күрделі сөздің морфологиялық құрылымы. Күрделі сөз бен сөз тіркесінің айырмашылығы.

Сөз тіркесі және оның құрылымы. Сөз тіркесі күрделі сөзбен де, фразеологиялық сөз тіркестерімен де, атауыш (дербес) сөз бен көмекші сөздің тіркесімен де, сөздердің салалас қатарларымен де (тізбектерімен) сырттай ұқсас келгенімен, олардан түбірлі айырмашылықтары. Сөздердің байланысу тәсілдері.

Сөйлем және оның құрылымы. Сөйлемнің коммуникативті қызметі. Сөйлемнің құрылымдық үлгісі – бастауыш-баяндауыштық үлгі. Бастауыш-баяндауыштық құрылым – синтаксистік басқа конструкцияларға емес, сөйлемге ғана тән құрылым.

Сөйлемге тән белгілердің бірі - интонация. Сөйлем тілдік басқа құбылыстардан интонациялық белгісі жағынан да ажыратылуы.

Предикативтілік – әрбір сөйлемге тән басты белгі. Предикативтік сөйлемнің грамматикалық мағынасы ретінде танылуы.

Сөйлемде объективті-модальдық мағынадан басқа субъективті-модальдылық мағынаның да болуы. Субъективті-модальдық мағынаның жасалу тәсілдері.

Құрмалас сөйлемнің грамматикалық табигаты. Құрмалас сөйлемнің түрлері. Қоғы компонентті құрмалас сөйлемдер. Қоғы компонентті аралас құрмалас сөйлемдер. Қоғы компонентті салалас құрмалас сөйлемдер. Қоғы компонентті сабактас құрмалас сөйлемдер.

Күрделі синтаксистік тұластық. Параллель байланысты күрделі синтаксистік тұластық. Хабарламалы синтаксистік тұластық. Сипаттамалы синтаксистік тұластық.

Синтаксистік конструкциялардың синонимдігі. Синтаксистік синонимия. Сөз тіркестерінің синонимиясы. Сөйлемдердің синонимиясы.

Сөйлеу әрекетінің теориялары. Сөйлеу әрекеті адам әрекеті формасы ретінде. Сөйлеу әрекетінің семантикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің грамматикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің фонетикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің лингвистикалық пайымдаулары. Сөйлеу әрекеті, сөз және тіл. Тіл жүйесі мен сөйлеу әрекетінің арақатынасы. Тіл мен сөйлеу әрекетінің функциялары. Интегративті лингвистикадағы тіл мен сөйлеу біртұастығы.

Сөйлеу актілерінің теориялары. Сөйлеу коммуникациясының моделі. Сөйлеу коммуникациясының психологиясы. Адамдар коммуникалдығының негізгі түрлері. Сөйлеу актілерінің стандартты теориялары. Иллокутивті күш пен коммуникативті мақсат. Сөйлеу актілерінің теориясының нысаны ретіндегі иллокуция. Сөйлеу актілерінің класификациясы мен етістіктер. Сөйлеу актілерінің теорияларындағы аналитикалық әдіс.

Коммуникативті грамматика: тілге деген коммуникативті көзқарас, коммуникативті грамматиканың бірліктері. Академиялық грамматика. Функционалды-коммуникативті грамматика қазақ тілін оқыту моделі ретінде. Жалпытеориялық и методологиялық негіздер. Мазмұнды нысандар мен тіл бірліктері. Формальды нысандар мен функционалды-коммуникативті синтаксистің бірліктері. Мәтін функционалды грамматиканың және оқыту бірлігінің нысаны ретінде. Коммуникация жасаудың тілдік механизмдері.

Лингвистиканың нысаны ретіндегі мәтін. Мәтіннің типтері мен түрлері. Сөйлеу регистрлері. Сөйлеу ситуациялары. Мәтін теориясы мен тіл үйрету. Коммуникациядағы мәтін. Мәтін бірліктері, оның грамматикалық құрылымы. Тілдік байланыстың мүмкіншіліктері мен түрлері. Мәтіннің грамматикалық категориялары. Мәтіндер типологиясы.

Дискурс. Феноменологиялық көзқарас. Ақпараттық теория тұрғысындағы дискурсты зерттеу. Психологиялық негіздер. Семиотико-символикалық көзқарас. Интерпретативті анализ. Дискурстағы ақпарат түрлері. Дискурстың тілдік және тілдік емес мүмкіншіліктері. Мәтін коммуникативті грамматиканың бірлігі ретінде, оның категориялары, регистрлері.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. Алматы «Ғылым» 2002. 366 б.
2. Амирова Т.А. Из истории лингвистики XX в. - М., 1999.
3. Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. - М., 1966.
4. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т.1. Лексическая семантика. Т.2. Интегральное описание языка и проблемы лексикографии. - М., 1995.
5. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. - М., 1999.

6. Ахманова О.С., Мельчук И.А., Падучева Е.В., Фрумкина Р.Н. О точных методах исследования языка. - М., 1961.
7. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе, Алматы, 1992.
8. Байтұрынов А.Тіл тағылымы. –Алматы. 1992.
9. Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998
10. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 1991
11. Бондарко А.В. Функциональная грамматика. - Л., 1984.
12. Бюлер К. Теория языка: Репрезентативная функция языка. - М., 2000.
13. Васильев Л.М. Общие проблемы лингвистики. - Уфа. 1998.
14. Всеходова М.В. Теория функционально-коммуникативного синтаксиса. Фрагмент прикладной (педагогической) модели языка. - М.: МГУ, 2000.
15. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. - М., 1984.
16. Золотова Г.А., Онищенко Н.К., Сидорова М.Ю. Функционально-коммуникативный синтаксис. - М., 1997.
17. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым.1999.
18. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы ,1998. 304 б.
19. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы «Ғылым» 1998. 140 б.
20. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М., 2003.
21. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 472 б
22. Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексика). А., 1962.
23. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. А., 1991.
24. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы, «Ан-Арыс»2007.
25. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. А., 2003.
26. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982. – 350б.
27. Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию. - М., 2000.
28. Мечковская Н.Б. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. – М., 2001.
29. Серғалиев М.,Мұсірепова Б. Күрделі синтаксистік тұтастық. - Алматы, 1989.
30. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики // Труды по языкознанию. - М., 1977.
31. Степанов Ю.С. Семиотика. В 2-х т. - Благовещенск, 1996.
32. Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики. - М., 1975. 2-е изд. - М., 2001.
33. Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М., 1966.
34. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 261б.
35. Қазақ грамматикасы. -Астана, 2002.

36. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы, 2008.
37. Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. –Алматы: 2011.-204 б.
38. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. Минск.: 2004. – 225с.
39. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 1,2- т. – Алматы, 2010,2011.
40. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. –Алматы, 2001.
41. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. – Алматы, 2007.
42. Әлкебаева Д. А. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы : Зият-Пресс, 2007.– 243 б.
43. Белл Р.Т. Социолингвистика. Цели, методы и проблемы. – М., 1980.
44. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика. – М., 2000.
45. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика. – Алматы, 2004.

Сұрақтар:

1. Тіл біліміндегі парадигма ұғымы және оның түрлері
2. Қазіргі кездегі лингвистикалық парадигмалардың жалпы сипаттамасы, типтері
3. Әлемдегі тілдердің генетикалық туыстығын анықтап берудегі салыстырмалы тіл білімінің рөлі
4. Антропоцентристік парадигмалар шеңберінде қарастырылатын мәселелер
5. Тілдің функционалды қасиет
6. Лингвистика тарихнамасы
7. Сыртқы лингвистикадағы «тіл және тілдік емес нысандар» байланысы
8. Когнитивтік лингвистикадағы концептілік құрылым
9. Құрылымдық парадигма шеңберінде қарастырылатын мәселелер
10. Психолингвистикадағы «тіл мен сөйлеу» арақатынасы
11. Әлеуметтік лингвистикадағы «тіл мен қоғам» байланысы
12. Этнолингвистикадағы «тіл мен мәдениет» байланысы
13. Паралингвистикадағы «тіл және қатынастың тілдік емес белгілерінің» арасындағы байланыс
14. Салыстырмалы-тарихи парадигма шеңберінде қарастырылатын мәселелер
15. Тіл – қандай да бір ұлттық дүниетанымның, тарихының көрінісі
16. Қазіргі лингвистикадағы зерттеу әдістері мен әдіснама
17. Прагмалингвистикадағы интерпретация ұғымы
18. Ұлттық танымдық мақсаттағы сөздердің мағынасы

Ф ҚазҰПУ 711-20-11 Қабылдау емтихан бағдарламасы. Бірінші басылым.

19. Саяси дискурстың тілдік ерекшеліктері
20. Саяси тілді зерттеудің дискурстық бағыты
21. Саяси тілді зерттеудің риторикалық бағыты
22. Лингвосаясаттанудың әдіснамалық бағыттары: саяси тілді зерттеудің когнитивтік бағыты
23. Тілдегі парадигмалық қатынастар
24. Тілдік тұлға
25. Лексикалық және терминологиялық кірме сөздер
26. Этнолингвистика саласын зерттеуші ғалымдар
27. Медиалингвистика шеңберінде қарастырылатын мәселелер
28. Прагмалингвистикадағы интенция термині
29. Саяси коммуникацияның дәстүрлі шешендік өнер және стилистика аясында зерттелуі
30. Саяси лингвистиканың қалыптасуы және дамуының бастапқы сатылары
31. Тіл мен сөйлеу және мәтін арақатынасы
32. Когнитивтік лингвистика
33. Дискурс пен мәтіннің өзіндік белгілері
34. Концепт туралы түсінік және оның тілдегі көрінісі
35. Сөйлеу актісі теориясы және қалыптастырған ғалымдар
36. Коммуникация жасаудың тілдік механизмдері
37. Прагмалингвистика шеңберінде қарастырылатын мәселелер
38. Тіл жүйесі мен сөйлеу әрекетінің арақатынасы
39. Тіл білімінің негізгі мәселелері: тілдің жүйесі мен құрылымы
40. Лингвосаясаттану саласының қалыптасу тарихы мен зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері
41. Салыстырмалы тарихи парадигма шеңберінде қарастырылатын негізгі мәселелер
42. Жүйелік құрылымдық парадигма мен тарихи-салыстырмалы парадигманың ұқсастығы мен орта тұсы
43. Антропоцентристік парадигмадағы қатысымдық жағдаят ұфымы
44. Тіл біліміндегі лингвоаксиологиялық бағыт
45. Психолингвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы
46. Лингвоелтанымдық бағыттың негізгі мақсаты
47. Антропоөзектік парадигма шеңберінде қарастырылатын негізгі мәселелер
48. Семиотиканың негізгі таңбалаушы компоненттері
49. Тіл мен этнос мәдениетінің сабактастығы
50. Коммуникативті лингвистикадағы субъект – категориясын сипаттайтын негізгі ұфымдар
51. Медиалингвистиканың негізгі зерттеу нысаны
52. Прагмалингвистикалық пресуппозиция ұфымы, зерттеуші ғалымдар
53. Гендерлік лексиканың ерекшеліктері

54. Ұлттық танымдық мақсаттағы сөздердің мағынасы
55. Қарама-қарсылықты мағынаның тілдік көрінісі
56. Номинативті деривация теориясы
57. Мәтіннің негізгі категориялары
58. Ғаламның аксиологиялық бейнесі
59. Функционалды лингвистиканың тіл білімінен алатын орны
60. Тілді функционалды түрғыдан қарастыру
61. Этнолингвистика ғылымының зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері мен әдістерін атаңыз
62. Лингвофилософия ғылымы: тіл философиясындағы таным мәселесіне шолу жасаңыз
63. Функционалды лингвистиканың басқа пәндермен байланысы
64. Прагмалингвистика –лингвистикалық зерттеулердің маңызды бір бөлшегі
65. Қазіргі Қазақстан тіл білімі
66. Дискурстағы ақпарат түрлері. Дискурстың тілдік және тілдік емес мүмкіншіліктері
67. Тілді құрылымдық жүйе ретінде қарастырған Ф.Соссюрдің ілімі мен постулаттары
68. Дискурс мәселесін арнайы және қосымша зерттеу нысаны ретінде қарастырған қазақ зерттеушілері
69. Коммуникативті грамматиканың бірліктері
70. Тілдің танымдық және коммуникативтік сипаты
71. Тілдің құрылымдық және жұмысалымдық қызметі
72. Психолингвистиканың басқа ғылым салаларымен арақатынасы
73. Концепті және ұғым
74. Адресанттың прагматикалық ұстанымы
75. Тіл: сана және тілдік сана
76. Тіл – таным – коммуникация
77. Тіл мен сөйлеу әрекетінің функциялары
78. Корпустық лингвистика
79. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика саласын зерттеуші ғалымдар
80. Функционалды семантикалық өріс құрылымы (ядро, перефирия)
81. Қазіргі тіл біліміндегі дискурс мәселесі
82. Ақпараттың кодтау және декодтау мәселесі
83. Пресуппозицияның негізгі түрлері
84. Прагмалингвистикадағы информема, прагмема ұғымы
85. Тіл білімі онтологиясы
86. Қазіргі тіл біліміндегі антропоцентризм және этнопоцентризмнің танылуы
87. Қазіргі лингвистиканың іргелі бағыттары
88. Нейролингвистика саласының тіл біліміндегі маңыздылығы

89. Дискурс ұғымы, дискурс проблемасын қарастырған ғалымдар

90. Концепт – когнитивтік лингвистика ғылымының басты категориясы